КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 7 ақпан № 7119-25-00-2/250 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«URBAN.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «URBAN.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «URBAN.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «URBAN.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.02.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

7119-24-3-1/17200